



Бекітемін: *Л.Ш. Урекешова*  
Мектеп директоры  
Л.Ш. Урекешова  
«31» тамыз 2022 жыл

**№38 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу  
жылына арналған тәрбие жұмысының  
жоспары**

### **№38 қазақ орта мектебінде 2021-2022 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын талдау**

Мектептің маңызды міндеттерінің бірі, өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сондай-ақ жоғары азаматтық және рухани - адамгершілік қағидаттарға, патриоттық сезімге және әлеуметтік жауапкершілікке ие зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына сәйкес, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы заңының 65 бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қабылданды.

Негізгі орта білім берудің білім алушылардың негізгі міндеттері:

1. рухани-адамгершілік қасиеттерін
2. ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін
3. өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын
4. оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын
5. сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын
6. қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

**Тәрбие жұмысының мәселелері** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

6. Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың бойында:
    1. Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығын
    2. Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды
    3. әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау білігін
    4. мемлекеттік тілді меңгеруге ынталануды
    5. Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтеуді
    6. рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімділікті
    7. қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынасының болуын
- Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы Рухани жаңғырудың 8 бағытымен жұмыс жасалынууда.
1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
  2. Рухани танымдық-адамгершілік тәрбие
  3. Ұлттық тәрбие
  4. Отбасылық тәрбие
  5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
  6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
  7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
  8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты



Оған қоса, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобалары бар. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында: «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы, «Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы, «Еңбек - елдің мұраты» арнайы жобасы, «Үнем-қоғам қуаты» арнайы жобасы, «Қоғамға қызмет» арнайы жобасы, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» және «Бірлік» еріктілер қозғалысының жұмысы жүзеге асырылуда.

**1. Қазақстандық патриотизм, азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу бағыты. Мақсаты:** Балалар мен жастардың патриоттық сана сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Аталған бағыт бойынша «Білім күні» салтанатты жиыны өткізілді. Оған мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып бүлдіршіндері өз өлеңдерін оқыды.

**Мақсаты:** Өскелең ұрпақтың білімге деген құштарлықтарын арттыру, конституциялық-құқықтық білімдерін қалыптастыру.

«ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 143-тармағын жүзеге асыру мақсатында жол-көлік оқиғалары, жолда абай болуға, жол ережелерін сақтау мақсатында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Асықпаңыз, сіз де ата-анасыз!» тақырыбында оқушылар жүргізушіге хат жазды. Хатта жүргізушіге де, өз замандастарына да жолда абай болуға, жан-жағына қарап, жолдан өтуге кеңес береді. «Назар аударыңыз, балалар!» атты ЖЖЕ бойынша Ақтөбе қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлары оқушылармен, барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, жолда жүру қауіпсіздігін сақтау жөнінде тәрбие сағаттарын өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Жаяу адамдардың міндеттері туралы не білесің?» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы Бердібек Г. сауалнама алды. Оқушылардың 80 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сақтану керектігін білетіндігі анықталды. Оқушылар көлік жүргізушілерге хат жазып, мектебімізге жол сақшылар келіп, оқушыларды таратуға ат салысты.

**Мақсаты:** Оқушылардың жолда жүру ережелеріне мұқият болуын қадағалау. Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

01.09-15.09.2021. аралығында "Қазақстан Республикасының Конституциясы-әрбір қазақстандықтың әл-ауқатының артуының кепілі!", «Тәуелсіздік жетістіктері» ақпараттық сағаттары жүргізіліп, "Адамды және азаматты тәрбиелеу: баланың құқықтары мен міндеттері", "Кәмелетке толмағандардың қылмыс үшін қылмыстық жауаптылығы" дәріс сабақтары өткізілді. Жауапты сынып жетекшілері оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тәрбие сағаттарын өткізді.

**Мақсаты:** Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын мемлекет пен қоғамның заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

01.10-07.10.2021. 1-11 сыныптар арасында "Адамдарға керек бол!" атты еңбек десанты еріктілер жасағының жетекшісі – Шитпанов Н жауапты болуымен парасаттылық сағаттары өтті.

8-9 сынып жетекшілер арасында «Абырой мен ар-намыс» тәрбие сағаттары, «Алғыс айтамын!» акциясы өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларды әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

«Адал ұрпақ» бағдарламасы аясында 19-23 қазан аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адалдық пен парасаттылық-мінез-құлық нормасы», «Адалдық-үздік саясат!» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Оқушыларға жемқорлықтың не екенін ұғындыру. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Басқарушылардың парақорлығы, қоянның әлсіздігі қазіргі қоғамның айнасы іспетті. Сыбайлас-жемқорлықтың алдын алу мақсатында қойылған іс-шаралар оқушыны жемқорлыққа, адамгершіліктен аттамауға тәрбиелеу.

1-11 сынып жетекшілері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған "Жасай бер –Қазақ елі" атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. «Отан үшін от кешкендер» ардагерлерді үйде құттықтау 1-11 сынып жетекшілері арасында өткізілді.

Тәлімгерлер мен музыкалық жетекшінің қатысуымен «Жеңіске бірге жеткен әндер..» әскери әндер фестивалі ұйымдастырылды. 06.05.2022 жылы АӘД жетекшісі- Сүлейменов Б. ұйымдастыруымен саптық байқау өткізілді.

Мемлекеттік рәміздер күні. Салтанатты жиыны музыка жетекшісінің көмегімен ұйымдастырылды.

#### **Рухани танымдық, адамгершілік тәрбие:**

**Мақсаты:** Жеке тұлғаның рухани және адамгершілік принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін Рухани жаңғырудың құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру, рухани- адамгершілік тәрбие беру.

Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім, құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу, өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде абырой мен қадір-қасиет, Отанға мінсіз қызмет көрсету және ерлік сабақтарын өткізу рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамыту және адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір тиімді де мақсатқа сай құралының бірі.

Қазақ тіл пәндері бірлестігі Кузбаева Э. қадағалауымен «22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» іс-шарасы өтті.

Алғыс айту күніне орай, мектепте арнайы жоспар құрылып, сол жоспарға сай іс-шаралар өткізілді. 21 сәуір кітап күніне орай үздік балалар кітабына шолу жасалып, оқушылар балалар жазушыларымен біршама танысты.

Тәрбие жұмысының «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «1-қазан Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары қарттарға арнап құттықтау ұйымдастырылды. Осы атаулы күнді атай отырып, біз жас ұрпақтың бойында үлкенге деген құрметті, ізеттілікті, ата-әделерін сыйлауды т.б. адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз. Бұл қасиеттердің барлығы мектеп қабырғасында және отбасында қалыптасады.

1 қазан Қарттар күні "Өмірдің күзі жылы болсын". Еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету және құттықтау.

**Мақсаты:** Оқушылардың бойында патриоттық сезімді ояту, Елбасына, елге деген құрметті, сүйіспеншілікті нығайту.

Шығарма жазуға оқушылар белсене қатысып, жақсы, мазмұнды жазылған шығармалар болды. Ол сөзінде елбасымыздың еңбек жолын, Отанға деген, елбасына деген ізгі ниеттерін білдірді. 30 жылдағы атаулы күндер жөнінде сөз етті. Сөз соңында қазақ елінде тұрып жатқанын мақтан ететінін жазды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Жоғары кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендігі туралы» заңды қабылдады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні – тарихи тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта Егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан, кең көлемде аталып өтіледі.

Ұстаз! Сіздің алдыңызда ... Ұстаздар күніне арналған салтанатты концерт, «Рухани келісім-бейбітшілік тірегі!» атты рухани келісім күніне арналған іс-шара өтті. Қазан айында әлеуметтік педагог Есмағамбетова М «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы» атты қайырымдылық жұмыстары өткізілді. **Мақсаты:** адамгершілікке, өзгеге көмектесе білуге, қайырымдылыққа ба



11.02.2022 жылы көркем өнер бірлестігі «Қазақстан-бейбітшілік аумағы» атты сурет көрмесін өткізді. Сурет көрмесіне оқушылар белсене қатысты. **Мақсаты:** Оқушыларға өз елінің бейбітшілігі қандай маңызы зор екенін ұғындыра отырып, өз Отанын қадірлеуге, қастерлеуге, қорғай білуге баулу.

05.03.2022 жылы тәлімгерлер сыныптар арасында «Мектеп аруы» байқауын өткізді. Байқау өз деңгейінде өтті. Байқауға қатысушылар номинациямен марапатталды.

**Мақсаты:** Оқушыларды ұқыптылыққа, тазалыққа, әдемілікке баулу. Сынып жетекшілері жыл бойы өз сыныптарымен қаланың мұражайлары мен театрларына апарып отырды.

«Бақытты бала» салтанатты іс-шарасы музыка жетекшісінің ұйымдастыруымен өз деңгейінде өтті. Әр класс бұл шараға белсене қатысты.

8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Армысың, Әз Наурыз!» мерекелік іс-шара, «Мектеп аруы» байқауы, «Бақытты бала!» салтанатты іс-шара арнайы жоспар құрылып, сол жоспар негізінде «Өз қолыммен ашықхат жасаймын» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар өз қолдарымен жасаған әдемі құттықтау ашық хаттарын жасап, ұстаздарына, ата-аналарына тарту етті. 8 наурыз мерекесіне орай, мектебіміздің оқушылары аналарын, ұстаздарды құттықтады.

**3. Ұлттық тәрбие:** **Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне құрмет көрсетеуге бағыттау.

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарының мәдениетіне деген құрметке бағдарлау

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында 1-4 кластарда «Қазақтың ырымдары мен тиымдары» класс сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** Қазақтың ырым-тиым сөздерінің мәнін түсіндіру. «Ойшылдыққа, әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа, әдемілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу»

5-8 кластарға «Салтым-санам, дәстүрім-дәулетім» тақырыбында класс сағаттары өткізілді.

10-11 сыныптар арасында «Мәңгілік құндылықтар және ұлттық сана-сезім» атты іс-шара өткізілді.

18.09.2021 жылы тілдер бірлестігі Тілдер күні атап өткізілді.

1-11 сынып жетекшілерімен «Біз қазақстандықтар-біртұтас халықпыз!» қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

10.12.2021 жылы ОТИЖДО Рыскулова М мен 1-11 сынып жетекшілерімен «Тәуелсіз Қазақстан - бейбітшілік, мейірімділік және келісім елі!» фестивалі ұйымдастырылды. «Қазақстан Республикасы Халықтарының Бірлігі күні!» ОТИЖДО Рыскулова М мен тәлімгерлердің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

**Мақсаты:** Оқушылардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, бірлікке, ынтымақтастыққа баулу. Қазақтың салт-дәстүрінің басқа ұлттың салт-дәстүрінен қандай ерекшелігімен ерекшеленетінін және түрлерімен танысу, қызығушылығын арттыру.

1-4.02.2022 жылы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Қазақстан мақтанышы!» қабырға газеттерінің байқауы өтті.

9-11 класс оқушыларына «Салт-дәстүр-тәрбие негізі» тақырыбында класс сағаттары өткізілді.

**Мақсаты:** Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы оқушыларға баяндап түсіндіріп, маңызын көрсету.

#### **4.Отбасылық тәрбие.**

**Мақсаты:** Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

17.10.2021 жылы «Ата-аналармен мектеп ынтымақтастығы» жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

ТІЖДО Тлеубергенова Б.А. мен ОТІЖДО Рыскулова М 1-11 сынып жетекшілері «Ата-аналар мен педагогтардың кәмететке толмағандарды тәрбиелеу және білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері»атты дөңгелек үстелі өтті.

16.01.2022 жылы мектеп психологы Бердібек Г. «Жасөспірім өміріндегі ата-аналардың ролі» ата-аналармен тренинг өткізді.Ақпан айында «Әкелердің отбасындағы ролі» туралы әңгіме сабағы өтті.

14.05.2022 жылы «Отбасым және мен» тәрбиелік іс-шара 1-4 сынып жетекшілері арасында өтті.24.06.2022 жылы «Оқу қорытындылары» ата-аналар жиналысы өтті.

#### **5.Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие.**

**Мақсаты:**Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қозқарасты қалыптастыру,экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту,қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю,Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы бағыт бойынша «Құстарды тамақтандыр!»атты акциясы өткен болатын.

**Мақсаты:**Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық көрсетіп,ұя салып,тамақтандыру.Айналамызды тазалау,тал егіп,көшет отырғызу бұл жас ұрпақ үшін тәрбие мен тәлімге толы ұлағатты іс.Ал қоршаған орта үшін табиғат ол қашанда бірінші орында тұрады.Бұл күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері мектеп ауласының қарын тазартты.

Мектеп аумағын тазалау, «Біздің аумақ!» акциясы, «Пластикалық бөтелкенің екінші өмірі!» акциясы, «Ең үздік гүлзар!» байқауы,«Туған өлкенің сұлулығы!» фотокөрмесі 1-11 сынып жетекшілері арасында ұйымдастырылды.

#### **6.Көпмәдениеттілік және көркем -эстетикалық тәрбие.**

**Мақсаты:**Жалпы мәдени мінез -құлық дағдыларын қалыптастыру,жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға,менгеруге,бағалауға дайындығын дамыту,оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы»мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы,жалпыұлттық мәдени білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру,эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын,халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көкемдік-эстетикалық сезім.

Біздің қазақилығымыздың тағы бірі сөзді нақышына келтіріп,мақалдап сөйлеу.Осындай мақсатпен мектепте «Мақал сөздің -мәйегі»атты 5 класс оқушыларына 3 тілде жарыс өткізілді.Жарысқа 5а,5ә,5б класс оқушылары белсене қатысты.

1.Кім жылдам?

2.Мақалдың жалғасын тап.

3.Суретке қарап мақал құрастыру.

4.Полиглот.Сөздің аудармаларын табу.

Бұл байқауда белсене алға шыққан 5ә класс оқушылары болды.

10.09.2021 жылы 5-8 сынып жетекшілері арасында «Жақсы мінез ережелері» ақпараттық сағаты өткізілді.



#### **7.Интеллектуалды тәрбие,ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

**Мақсаты:**Әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін,көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын,сондай-ақ ақпараттық мәдениетті ,соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Қыркүйек айынан бастап мектебімізде спорт пен үйірме секциялары ұйымдастырылды.

Информатика пәні мұғалімі Тынышов А.сыныптар арасында "Қауіпсіз интернет және біз» әңгімелеу сабағын ұйымдастырды.

**Мақсаты:**Оқушыларға интернеттің пайдасы мен зиянын түсіндіре отырып,өз уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету.

Әдіскер, жауапты оқытушылар мен информатика пәні мұғалімі Тынышов А.ұйымдастыруымен пәндік олимпиада ойдағыдай өтті.Қаңтар айында «Мен интернетсіз күнді қалай өткіземін?»тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Ақпан айында әдіскер мен жауапты оқытушылармен бірге «Тарих ата» республикалық байқауы өтті.

Ақпан,наурыз айларында сынып жетекшілері «Сенің жетістіктерің-Қазақстан»танымдық ойыны ұйымдастырылды.

#### **8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты.**

Мектеп медбикесі Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне арналған «Денсаулық күні!»тақырыбында диалог алаңы өтті.

Диалог алаңы барысында жасөспірімдерге зиянды әдеттердің қалыптасуының негізгі себептері қарастырылды,оқушылар арасында темекі шегу,алкоголизм статистикасы келтірілді.Бұл алаңға 8-10 сыныптар қатысты.

30.09.2021 жылы 1-11 сынып жетекшілері "Мен және спорт"тақырыбында сауалнамалар алынып,«Салауатты өмір салты»тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сурет байқауы өтті.

Дене шынықтыру мұғалімдері мен медбикенің ұйымдастыруымен тұңғыш Президент күніне арналған « Көңілді старттар» сайысы сыныптар арасында ойдағыдай өтті.**Мақсаты:**Оқушыларға салауатты өмір салтын түсіндіре отырып,тазалық сақтау гигиенасы туралы ережелерді ұғындыру,денсаулығын нығайту мақсатында спорттың алатын орнын түсіндіру.

Барлық сынып оқушыларына «Қауіпсіздік әңгімелері» ,«Үсіктің алдын алу», «Абайлаңыз, мұздан!»тақырыптарында бейнероликтер көрсетілді.

Дене тәрбиесі жетекшілерімен бірге «Қысқы кереметі» байқауы, «Мектеп лигасы»футбол, «Тоғызқұмалақ»интеллектуалдық сайысы өтті.

**Мақсаты:**Балалардың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру,ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындарды дәріптеу,салауатты өмір салтын сақтауға шақыру.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты мен міндеттеріне сай ,мектеп оқушылары қай бағыттан болмасын үлкен жетістіктерде жетуде.

Қорыта айтқанда, Рухани жаңғыру бағдарламасының 8 бағыты бойынша жасалған жоспарға сәйкес 1-11 класпен бірлесе отырып жұмыстар атқарылды.

**Қорытынды:** 2021-2022 жылдар аралығындағы тәрбие жұмысының өзекті мәселесі бойынша мақсат-міндеттер орындалды. Жүйелі жүргізілген жұмыстардың негізінде жақсы көрсеткіштер көрсетілді. Тәрбие бағытында жүргізілген жұмыстар жақсы деп бағаланды.

№38 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына тәрбие беру жұмысының төмендегі мәселесін қалдырамыз:

Білім алушылар бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзіретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту
- Моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру
- Жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамыту.
- ҚР -ның Отанға деген махаббатын, азаматтылығы және отансүйгіштікті тәрбиелеу
- Тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру
- Қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеуге, мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білуге баулу.
- Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру
- Балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
- Тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге бағыттау
- экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстануға тәрбиелеу.
- Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлқына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
- рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру
- мақсатқа қол жеткізуде білім алушылардың төзімділігі және ұжымда жұмыс жасау білігін арттыру

Ұсыныс:

2022-2023 оқу жылына тәрбие жұмысы бойынша жүйелі жұмыстарды жүргізу жалғастырылсын.

**№38 қазақ орта мектебінің тәрбие беру жұмысының келесі мәселесі:**

Білім алушылар бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзіретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту
- Моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру
- Жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамыту.
- ҚР -ның Отанға деген махаббатын, азаматтылығы және отансүйгіштікті тәрбиелеу
- Тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру



- Қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеуге, мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білуге баулу.
- Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру
- Балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
- Тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге бағыттау
- экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстануға тәрбиелеу.
- Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлқына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
- рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру
- мақсатқа қол жеткізуде білім алушылардың төзімділігі және ұжымда жұмыс жасау білігін арттыру

#### **Тәрбие беру жұмысының бағыттары:**

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

#### **2022-2023 оқу жылында мынадай жобалар іске асырылатын болады:**

- Оқуға құштар мектеп
- Отбасы-мектеп
- Еңбек-елдің мұраты
- Үнем-қоғам қуаты
- Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет
- Қоғамға қызмет

**2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары**

№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие			
1	30 тамыз- Конституция күні	Тәрбие сағаты		ДТГЖО Тлеубергенова Б.А
2	1-қыркүйек - Білім күні: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық»	Салтанатты жиын Тәрбие сағаты	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі ДТГЖО Тлеубергенова Б.А
3	«Абайлаңыз балалар!» акциясы <i>/арнайы жоспар/</i>	Апталық	қыркүйек	ДТГЖО Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
4	Бірыңғай жалпы республикалық акция «Адалдық сағаты»	Тәрбие сағаты	қыркүйек	ДТГЖО Тлеубергенова Б.А
5	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» <i>(Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)</i>	Тәрбие сағаты	қыркүйек	Сынып жетекшілер
6	«Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан»	кездесу	қазан	ДТГЖО Мектеп инспекторы Педагог-психолог Сынып жетекшілер
7	«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»	Тәрбие сағаты	қараша	ДТГЖО Сынып жетекшілер
8	«Тәуелсіздіктің жетістіктері »	Тәрбие сағаты	желтоқсан	ДТГЖО Сынып жетекшілер
9	«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»	Дебат	наурыз	Дебат клубының жетекшісі Аға тәлімгер
10	«Құқықтық сауаттылық - заман талабы»	Әңгіме - сұхбат	ақпан	Сынып жетекшілер
11	«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»	Онкүндік	мамыр	ДТГЖО Сынып жетекшілері
12	Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған « Ұлы Жеңіс жасасын!»	Тәрбие сағаты	мамыр	ДТГЖО Сынып жетекшілері
13	«Рәмізім мақтанышым» 30 жыл	Тәрбие сағаты	мамыр	ДТГЖО Сынып жетекшілері



№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
II	<b>РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ</b>			
1	«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы	Акция	қыркүйек	Әлеуметтік педагог
2	«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның»	Мерекелік кеш	қазан	ДТДЖО Ұйымдаст.педагог II сын.жетекшілері
3	«Ғылымның басында ұстаз тұрар!»	Тәрбие сағаты	қазан	Сынып жетекшілер Ұйымдаст. педагог
4	I қазан - Қарттар күніне арналған «Өз жүрегіңмен жылыту»	Қайырымдылық акциясы	қазан	ДТДЖО Әлеуметтік педагог
5	« Алтын күз» 8-11 сыныптар	Байқау	қараша	ДТДЖО Сынып жетекшілері
6	15 қараша-Ұлттық валюта күні «Тенге – Тәуелсіздік келбеті» «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»	Тәрбие сағаттары	қараша	Сынып жетекшілер
7	«Жұлдызды сәт» салт-дәстүрдің ең үздік білгірі	Сайыс	наурыз	ДТДЖО Ұйымдастырушы педагог
8	1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...»	Тәрбие сағаты	наурыз	ДТДЖО Сынып жетекшілері
9	«Қош келдің, әз Наурыз!»	Тәрбие сағаты	наурыз	Сынып жетекшілері
10	«Өмір мәні!»	Пікірталас	наурыз	ДТДЖО Педагог- психолог
11	«Өлкенің гүл жайнаған балғындары» /I маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні/	Мерекелік кеш Сурет салу байқауы	сәуір	ДТДЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер

№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
III	<b>ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ</b>			
1	5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру «Мәңгілік ел - мәртебесі тіл»	Тәрбие сағаты	қыркүйек	ДТҰЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі
2	«Туған елге тағзым»	Саяхат сабақ	қазан	ДТҰЖО Театр жетекшісі
3	«Ғасырдың дара перзенті» /Д.А.Қонаев-110 жаста/	Тәрбие сағаты	қараша	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
4	Қазыбек бидің туғанына-355жыл!	Тәрбие сағаты	желтоқсан	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
5	«Мәңгілік Елдің мызғымас негізі»	Дебат	желтоқсан	Дебат клубының жетекшісі
6	«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»	Үздік ЭССЕ конкурсы	қаңтар	ДТҰЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі
7	«Бұлбұл үнді- Роза Бағланова»	Концерт-кеш	наурыз	ДТҰЖО Эстетика бірлестігі
8	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»	Сән апталығы	1-11 сыныптар	ДТҰЖО Эстетика бірлестігі
9	«Ертегілер әлемі»	Ролдік ойындар	сәуір	ДТҰЖО Театр жетекшісі
10	«Тарихтан тағылым- өткенге тағзым» /31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /мамыр	Тәрбие сағаты	1-11 сыныптар	ДТҰЖО Сынып жетекшілер Тарих бірлестігі
11	«Ұлы ұлттың баласы, ұлықта Домбыранды!» (Ұлттық домбыра күні)	Концерт-кеш	мамыр	ДТҰЖО Эстетика бірлестігі



№	Жұмыс жоспары	откізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
IV	<b>ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ</b>			
1	«Отбасы-бақыт мекені» <i>/арнайы жоспар/</i>	Апталық		ДТЖО Педагог –психолог Әлеуметтік педагог
2	Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» құру. <i>/Арнайы жоспарлар әзірлеу/</i>	Жоспарға сәйкес		ДТЖО «Аналар», «Әкелер» мектебінің төрайымы, төрағасы
	«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» ✓	Әңгіме, кеңес	қазан	ДТЖО Педагог –психолог Әлеуметтік педагог
4	«Отбасым және мен»	Сурет көрмесі	қараша	ДТЖО Сынып жетекшілер
5	«Бір отбасы – бір кітап»	Сурет, бейне түсірілім байқауы	қараша	Кітапханашы Сынып жетекшілер
6	«Әкем айтқан нақыл сөз...»	«Айтарым бар...» ток-шоу	желтоқсан	ДТЖО «Жас Ұлан» ұйымы
7	«Отбасылық таланттар»	Отбасылық шығармашылық фестивалі	қаңтар	ДТЖО Сынып жетекшілер
8	«Отбасы-тәрбие көзі»	Сынып сағаты	ақпан	ДТЖО Педагог –психолог Әлеуметтік педагог
9	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»	Бейне көрсетілім	сәуір	ДТЖО Сынып жетекшілер
10	«Оқырмандар отбасы»	Байқау	мамыр	ДТЖО Кітапханашылар

№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
VI	<b>КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ</b>			
1	«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі»	Ролдік ойындар	қазан	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер Театр жетекшілері
	«Оқушы мен ұстаз мәдениеті»	Дөңгелек үстел	қараша	Өзін-өзі басқару ұйымы
2	«Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс»	Қыздар кеңесі	қараша	ДТЖО Педагог –психолог Әлеуметтік педагог
3	Жаңа-жылдық шырша	Мерекелік іс-шара	желтоқсан	ДТЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
4	«Біз өнерлі жастармыз!»	Флешмоб	желтоқсан	ДТЖО Аға тәлімгер
5	«Қыз сыны-2023» сайысы 8-11 сыныптар	Байқау	наурыз	ДТЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
6	Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған сынып сағаты	Бейнеролик	мамыр	ДТЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
7	«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» <i>/1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/</i>	Мерекелік концерт	мамыр	ДТЖО Үйірме жетекшілері Орыс тілі пән бірлестігі
8	Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия	Экскурсия	ақпан	ДТЖО Сынып жетекшілер
9				
10	«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2023» «Қош бол, алтын ұя, мектебім»	Салтанатты жиын	мамыр	ДТЖО Сынып жетекшілер



№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
V	<b>ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ</b>			
1	«Табиғат тамашалары»	Сурет байқауы	наурыз	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
2	Мектеп аумағын тазалау		сәуір	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
3	«Экология-бүкіл әлем тағдыры»	Тәрбие сағаты	сәуір	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
4	«Эко-квест» <i>/Қалдықтарды бөлек жинау акциясы /</i>	Акция	сәуір	Сынып жетекшілер
5	«Мен қызығатын әлем»	Фото коллаж	наурыз	ДТҰЖО Сынып жетекшілер
6	«Менің бизнес идеяларым»	Бизнес-идея байқауы	мамыр	Кәсіптік бизнес негіздері пән мұғалімдері Сынып жетекшілер
7	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы»	Жарнамалық жұмыстар конкурсы	ақпан	Физика және информатика пән бірлестігі
8	«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»	Дебат	ақпан	Дебат клубының жетекшісі
9	«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»	Пікірталас	сәуір	ДТҰЖО Химия-биология бірлестігі
10	«Ең үздік гүлзар!» байқауы	Байқау	мамыр	ДТҰЖО Сынып жетекшілер

№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
<b>VII</b>	<b>ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ</b>			
<b>1</b>	«Ұлттың ұлы ұстазы!» /Ахмет Байтұрсынұлы 150 жылдығы/	Челлендж, сынып сағаты	Қыркүйек	ДТДЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі
<b>2</b>	«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»	Тәрбие сағаты	желтоқсан	Кітапханашы Сынып жетекшілер
	«Бірге кітап оқиық!»	Эстафета	қаңтар	ДТДЖО Кітапханашы
	Мен интернетсіз күнді қалай өткіземін.	сурет салу	қаңтар	Сынып жетекшілер Информатика мұғалімдері
<b>4</b>	«Әлемге әйгілі- Әуезов» /Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы/	әдеби кеш	қаңтар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
<b>5</b>	«Көшбасшы - 2023»	Зияткерлік байқауы	ақпан	ДТДЖО Ұйымдастырушы педагог
<b>6</b>	«Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын!»	Зияткерлік сайыс	ақпан	ДТДЖО Ұйымдастырушы Өзін-өзі басқару ұйымы
<b>7</b>	«Не, Қайда, Қашан?» танымдық ойыны (10 сыныптар)	сайыс	сәуір	
<b>8</b>	Пәндік олимпиада	Байқау		Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері



№	Жұмыс жоспары	өткізілу формасы	Мерзімі	Жауапты
VIII	<b>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ</b>			
1	«Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!»	Тәрбие сағаты	Қараша	ДТІЖО Медбике Сынып жетекшілер
2	«Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?»	Медицина қызметкерлері мен кездесу	қараша	ДТІЖО Медбике Сынып жетекшілер
3	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»	Спорттық сайыстар	желтоқсан	Дене тәрбиесі пән бірлестігі Үйірме жетекшілері
4	«Қызықты қыс»	Спорттық ойындар	қаңтар	ДТІЖО Аға тәлімгер Дене тәрбиесі бірлестігі
5	«Абайлаңыз, мұздан!»	Танымдық сабақ	қаңтар	ДТІЖО Сынып жетекшілер
6	«Отбасылық эстафеталық ойындар»	Жарыс	ақпан	ДТІЖО Аға тәлімгер Дене тәрбиесі бірлестігі
7	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»	Қазақтың ұлттық ойындары	наурыз	ДТІЖО Дене тәрбиесі бірлестігі
8	«Мектеп лигасы» футбол	Жарыс	сәуір	ДТІЖО Дене тәрбиесі бірлестігі
9	«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»	Танымдық сабақ	сәуір	ДТІЖО Сынып жетекшілер
10	Жазғы демалыс-2023 «Суда жүссең абайла, сақтық керек қалайда»	Ақпарат беру	мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер